

## ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ ЖАДЫНАМАСЫ

### ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ:

Студент өтініші «Platonus» ААЖ (<https://platonus.kazatu.kz>) жеке кабинеті арқылы қабылданады және әлеуметтік жағдайын (бар болған жағдайда) растайтын анықтама көшірмесі тіркеледі.

Жатақханаға бірінші кезекте:

- ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар;
- мүмкіндігі шектеулі білім алушылар;
- мемлекеттік грант иегерлері;
- көп балалы (білім алушыдан кейін 18 жасқа толмаған 4 немесе одан да көп бала болса) және әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасынан шыққан балалар орналастырылады.

### ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- Жеке куәлік көшірмесі – 1 дана;
- Фотосурет (3x4) - 2 дана;
- Нотариалды түрде куәландырылған ата-ананың сенім хаты (01.09.2023ж. дейін 18 жасқа толмағандар үшін)
- Флюорография көшірмесі – 1 дана (2,3,4 және 5 курстар үшін);
- Медициналық қызметкердің жатақханаға орналастыруға рұқсат берген анықтамасы (әр жатақхана ішінде ұйымдастырылады);
- Жатақханада тұру және Internet қызметін пайдалану үшін төленген төлемақы түбіртектері.

### ТӨЛЕМАҚЫ:

Жатақхана	Мекен-жайы	Телефоны	1 айлық құны, тг	Факультеттер
<b>1-ші курс студенттері үшін</b>				
№ 5	Ә.Молдағұлова көшесі, 29В	39-71-99	13 000	- Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн - Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру
№ 6	Армандастар көшесі, 2А	43-67-09	13 000	Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы
№ 7	Ә.Молдағұлова көшесі, 29	39-72-79	16 000	Техникалық
№ 8	Ә.Молдағұлова көшесі, 29Д	49-51-73	20 000	- Агрономиялық - Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта - Экономикалық - Энергетикалық
<b>Жоғары курс студенттері үшін</b>				
№ 1А	Сарыарқа даңғылы, 38	44-45-90	16 000	Барлық факультеттер
№ 2 А	Ә.Молдағұлова көшесі, 29А	39-83-49	16 000	Барлық факультеттер
№ 3	Щучинск қ., Киров көшесі, 60	-	13 000	Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта
№4	Ә.Молдағұлова көшесі, 29Г	31-07-15	13 000	Барлық факультеттер
<b>Деректемелер (Реквизиттер)</b>				<b>Ескерту</b>
<b>Жатақханада тұру ақысын төлеу</b> С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті КеАҚ Астана қ., Жеңіс, 62 ИИК KZ446010111000037373 КБе 16 БИН 070 740 004 377 «Қазақстан халық банкі» АҚ БИК HSBKZKX ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік Серия 62001 №0003805 20.10.2009ж.				Жатақханада тұру ақысын 10 айға (қыркүйек-маусым) төлеу керек. Төлемді HALYK BANK және Kaspi Bank қосымшалары арқылы жасауға болады. Төлем жасауда «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» деп қатесіз көрсетілу керек.
<b>INTERNET қызметін пайдалану ақысын төлеу (айына 1100 теңге)</b>  ТОО «Центральная Азия Телеком» БИН 110540002264 KZ356010111000235318 (KZT) БИК HSBKZKX «Қазақстан халық банкі» АҚ				INTERNET қызметін пайдалану үшін 10 айға (қыркүйек-маусым) төлеу керек. Төлемді HALYK BANK және Kaspi Bank қосымшалары арқылы жасауға болады. Төлем жасауда «Центральная Азия Телеком» деп қатесіз көрсетілу керек.

### ЖАТАҚХАНАҒА ОРНАЛАСТЫРУ КЕЗЕГІ:

Курс	Уақыты
1	21-25 тамыз аралығы
2	28-31 тамыз аралығы
3,4,5	1-8 қыркүйек аралығы
Магистранттар және докторанттар	1-8 қыркүйек аралығы

Жатақханаға құжаттар «Platonus» ААЖ арқылы 2023 жылдың 14 тамызынан бастап қабылданады

Қосымша сұрақтар бойынша **Call-center +7 775 989 18 58** нөміріне хабарласыңыз

## Жатақханадан орын алу үшін өтініш беруге НҰСҚАУЛЫҚ

"Platonus" ААЖ жүйесіндегі жеке кабинетіңізді ашу керек (<https://platonus.kazatu.kz>)

1. Өтініш беру

1.1. Жатақханадан орын беруге өтініш беру үшін "Platonus" жүйесінен: «Жатақхана» бөлімінің «Өтініш беру» пунктін ашасыз;

**1-қадам.** Өтініш берер алдында жатақхананы жалға алу ережелерімен танысу керек. Ол үшін ашылған өтініш беру парақшасынан «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ-да білім алушыларға жатақхана беру тәртібі туралы ережесі» сілтемесіне басу қажет.

**2-қадам.** Ережелермен танысқаннан кейін, өтінішті жасақтау үшін сол беттегі «Құру (Создать)» батырмасын басу керек.

**3-қадам.** Ашылған беттен «Жатақханадан орын беруге өтініш» деген құжат түрін таңдап, ұялы байланыс телефонының нөмірін толтырып, өтініштің мәтінін енгізіп және «Сақтау» батырмасын басасыз. Осыдан кейін жүйе өтінішті сәтті сақтау туралы хабарламаны көрсетеді және қажетті құжаттарды тіркеуге мүмкіндік береді.

**4-қадам.** Ашылған беттің төменгі жағындағы «қоса берілген құжаттарды (PDF) белгілеу» бөлімінен құжаттарды жүктейсіз (ескерту: қажет болған жағдайда).

**5-қадам.** Өтінішке қоса тіркейтін құжаттардың жанына белгі қоясыз.

**6-қадам.** «Файлды жүктеу» батырмасын басу арқылы құжаттардың сканерленген нұсқасын жүктейсіз.

**7-қадам.** «Мен ұсынған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын растаймын. Жатақханада тұру ережелерімен және шарттарымен, сондай-ақ, тұру ақысын төлеу тәртібімен және мерзімдерімен таныстым және келісемін» деген жолға белгі қоясыз.

**8-қадам.** Осыдан кейін «Өтінім беру» батырмасын басасыз.

**9-қадам.** Ашылған тіл қатысу терезесінде өтінішті өңдеуге жіберу әрекетін растайсыз. Жүйе сізге «Жатақханаға орын беру туралы өтініш тексеруге жіберілді» деген ақпараттық хабарламаны көрсетеді.

**10-қадам.** Беттің жоғарғы жағындағы «Артқа» сілтемесін басу арқылы өтініш беру бетіне ораласыз.

**«Мәртебе-статус»** бағанынан талапкер / білім алушы өз өтінішінің қабылдануын бақылай алады.

Өтінішке **«Мақұлданды»** мәртебесі пайда болған кезде, білім алушы **«Жатақхана беру туралы жолдама»** файлын жүктеп алып, шығарып, көрсетілген жатақханаға бара алады.